№ 01-25-02/110 от 31.03.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 27 ақпан № 4712-26-00-2/445 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.С.Бейсенов, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық ісін қарап,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Маңғыстау атом энергетикалық комбинаты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«Абдурахимова» жеке кәсіпкері, басшысы Камила Абдурашидовна Абдурахимова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою – қанағаттандырылсын.

«Абдурахимова» жеке кәсіпкері, басшысы Камила Абдурашидовна Абдурахимова, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Абдурахимова» жеке кәсіпкерінен, басшысы Камила Абдурашидовна Абдурахимова, мемлекет пайдасына 2 163 (екі мың бір жүз алпыс үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына

№ 01-25-02/110 от 31.03.2026

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Р.С. Бейсенов

Құжатқа қол қойылған: Бейсенов Р. С., 27.02.2026

Заңды күшіне енген күні: 30.03.2026, судья Бейсенов Р. С., 30.03.2026

4712-26-3-1/388

Электронный документ ссылка на документ подписан с использованием электронной цифровой подписи в Damu BPM

Наименование документа	Внутренний документ
Номер и дата документа	№ 01-25-02/110 от 31.03.2026
Лист согласования	Согласование: Калпакбаев А. Дата и время: 31.03.2026 11:26:02 Комментарий:
	Подписание: Умирбеков М. Дата и время: 31.03.2026 11:28:36 Комментарий: